

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«2025 жылғы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері және
оны дамытудың басым бағыттары» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«11» ақпан 2026 ж.

Ғылыми кеңесте «Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері және оны дамытудың басым бағыттары» туралы есеп тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

- Университеттің ҒЗЖ қаржыландыру көлемі ұлғайып, 2025 ж. 1,370 (788,4 – 2024 ж.) млн. теңгені құрады, оның ішінде ҚР ҒжЖБМ гранттық қаржыландыру көлемі 462,8 (356,5 – 2024 ж.) млн. теңге және ҚР ҒжЖБМ бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру көлемі 881,9 (411,0 – 2024 ж.) млн. теңге;

- 2025 ж. ҚР ҒжЖБМ гранттық қаржыландыруы аясында 25 (15 – 2024 ж.) жоба және ҚР ҒжЖБМ бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында 9 (7 – 2024 ж.) бағдарлама, 16 млн. теңгеге университет қаржыландыратын ғылыми бөлімшелерде 8 (8 – 2024 ж.) жоба және халықаралық Horizon 2020 4 (2 – 2024 ж.) жоба орындалды;

- 2025 ж. ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитеті жариялаған ГҚ және коммерцияландыруға арналған конкурстарға 58 өтінім (64 – 2024 ж.) берілді;

- 2025 ж. Web of Science (34) және Scopus (93) журналдарында 127 (82 – 2024 ж.) ғылыми мақала, оның ішінде Q1-Q2 квартильдеріне кіретін журналдарда 27 ғылыми мақала жарияланды.

- Ғылыми жарияланымдардың дәйексөзділігі Хирш индексінің өсуімен сипатталады: 288 штаттық ПОҚ ішінен 173 зерттеушінің Web of Science және Scopus базаларында нөлдік емес Хирш индексі бар (2024 ж. – 169 ғалым). Хирштің жиынтық индексі аталған базаларда 440-қа жетті (2024 ж. – 374).

- Зияткерлік меншік құқығын растайтын құжаттар саны жоспар бойынша орындалды: патент – 6, авторлық куәліктер – 127 (2024 ж. – 6 патент, 84 авторлық куәлік).

- 2025 ж. «ЖУ Хабаршысы» журналының №2 (116) санынан бастап Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБССҚЕК) ұсынған ғылыми басылымдардың №3 тізіміне енді.

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің қорытындысы бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Университеттің даму бағдарламасының 2026 жылғы индикаторларын орындау үшін Жол картасы даярлансын, бекітілсін және жүзеге асырылсын (**жауаптылар:** ҒжҒКДБ басшысы, ҒжЖТКК басшысы, ҒжКД директоры, факультет декандары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2026 ж. 31 желтоқсанға дейін).

2. «ЖУ Хабаршысы» ғылыми журналын ҒЖБССҚЕК деректер базасына енгізілген ғылыми журналдардың екінші деңгейіне енгізу бойынша Іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүзеге асырылсын (**жауаптылар:** ҒЖҒКДБ басшысы, ҒЖКД директоры, факультет декандары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2026 ж. 31 желтоқсанға дейін).

3. Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы «SocioHumanitas» ғылыми журналын ашу бойынша Іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүзеге асырылсын (**жауаптылар:** ҒЖҒКДБ басшысы, ҒЖКД директоры, факультет декандары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2026 ж. 31 желтоқсанға дейін).

4. Scopus дерекқорында индекстелетін конференция ұйымдастыру жұмыстарының Іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүзеге асырылсын (**жауаптылар:** ҒЖҒКДБ басшысы, ҒЖКД директоры, факультет декандары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2026 ж. 31 желтоқсанға дейін).

5. 2027 жылы мамыр айында университеттің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттеу мерзімінің аяқталуына байланысты аккредиттеуден өту бойынша Жол картасы әзірленіп, жүзеге асырылсын (**жауаптылар:** ҒЖКД директоры, **орындалу мерзімі:** 2026 ж. 31 желтоқсанға дейін).

6. Зерттеулердің құзыреттілігін ресми түрде тану үшін Молекулалық генетика және геномика ғылыми зертханасы аккредиттеуден өткізілсін (**жауаптылар:** БжЭҒЗИ директоры, молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі, ҒЖКД директоры; **орындалу мерзімі:** 2026 ж. 31 желтоқсанға дейін).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«2025-2026 оқу жылының қысқы сессия қорытындыларын талдау» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«11» ақпан 2026 ж.

2025-2026 оқу жылының қысқы аралық аттестациясы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құжаттарына (Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 30.10.2018 ж. бұйрығы, 18.11.2022 ж.) және Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің академиялық саясатына сәйкес өткізілді.

Бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың қысқы емтихан сессиясы университеттің білім беру бағдарламаларының академиялық күнтізбесінде белгіленген мерзімде өтті.

Күндізгі нысандағы 1-4 курс білім алушыларының жалпы саны – 4745. Оның ішінде 4415 білім алушы барлық пәндер бойынша сессияны сәтті тапсырды; 15 білім алушы шетелде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқыды; 330 білім алушы академиялық кезеңде оқу бағдарламасын орындамады; оның ішінде 164 білім алушы қорытынды аралық рейтинг бойынша жіберілмеді; 137 білім алушы «F қанағаттанарлықсыз» (қайта тапсыру құқығынсыз) бағасын алды; 14 білім алушыға академиялық адалдық саясатының ережелерін бұзғандығы үшін акт толтырылды.

2025-2026 оқу жылының қысқы сессиясы нәтижесі бойынша абсолютті үлгерім 93,0%; білім сапасы – 67,3%-ды құрады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша (магистратура: бейіндік, ғылыми-педагогикалық (1, 2-курс); докторантура (1-курс) 429 білімгер оқиды. Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратурада білім сапасы – 92,6%; бейіндік бағыт бойынша магистратурада білім сапасы – 99,0%; докторантурада (1-курс) білім сапасы – 100%.

«2025-2026 оқу жылының қысқы сессия қорытындыларын талдау» бойынша
Ғылыми кеңес шешімі:

1. Академиялық адалдық қағидаттарын бұзу жағдайларының себептері талданып, алдын алу шаралары күшейтілсін (**жауаптылар:** Тіркеу офисі, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 01.05.2026ж. дейін).

2. Емтихан тапсырмаларының оқу нәтижелеріне сәйкестігі қайта қарастырылсын (**жауапты:** факультеттердің академиялық комитеттері; **орындалу мерзімі:** 15.04.2026 ж. дейін).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Таубаевқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Е. Бурибаев

Ғалым хатшы

Г. Шүкенай



«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«Физика-математика факультетінің Даму бағдарламасын іске асыру аясында
атқарылған жұмыстары және алдағы міндеттері» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«11» ақпан 2026 ж.

Ғылыми кеңесте физика-математика факультетінің 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының 2024-2025 жылдардағы көрсеткіштерінің орындалуы туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырым жасалды:

- есептік кезеңдегі факультет оқытушыларының сапалық құрамының динамикасын, ғылыми жобалар шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын ПОҚ саны артқанын байқауға болады;

- 1-стратегиялық бағыттың «Білікті мамандарды даярлау», «Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және дене дамуын қамтамасыз ету» міндеттері толық орындалған;

- 2-стратегиялық бағыттың «Нәтижелі ғылым», «Ғылыми-техникалық қызметті дамыту», «Ғылыми зерттеулерді ресурстармен қамтамасыз ету» міндеттерінде өсу бар;

- 3-стратегиялық бағыттың «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің инфрақұрылымы мен менеджментін жетілдіру», «Кадрлық менеджмент және біліктілікті арттыру» міндеттері орындалған;

- Даму бағдарламасының «Әлемдік тенденциялар контекстінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту», «Ғылыми-техникалық қызметті дамыту» (8, 9, 10 тармақ), «Академиялық артықшылық орталығын және шетелдік университеттің филиалын құру» міндеттері бойынша жұмысты жетілдіруді қажет.

«Физика-математика факультетінің Даму бағдарламасын іске асыру аясында атқарылған жұмыстары және алдағы міндеттері» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингті басылымдардағы мақалалар мен шолулар санын арттыру үшін жылдық жоспар мен нақты көрсеткіштер енгізілсін (**жауапты: ФМФ деканы; орындалу мерзімі: 01.12.2026 ж.**).

2. Профессор-оқытушылар құрамын Horizon Europe, Erasmus+ және өзге де халықаралық бағдарламалар бойынша ақпараттандыру күшейтілсін, гранттық конкурстарға қатысу бойынша консультациялық қолдау көрсету қамтамасыз етілсін (**жауаптылар: ФМФ деканы, деканның ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары; орындалу мерзімі: 01.10.2026 ж.**).

3. Қосдипломды білім беру бағдарламаларын ашу және шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестікті дамыту бойынша нақты ұсыныстар әзірленсін (**жауаптылар: ФМФ деканы, информатика және білімді цифрландыру кафедрасының меңгерушісі, физика және математика кафедрасының меңгерушісі, ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасының меңгерушісі; орындалу мерзімі: 01.06.2026 ж.**).

4. Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын арттыру үшін серіктес жоғары оқу орындарымен қысқа мерзімді алмасу бағдарламаларын іске асыру мүмкіндіктері қарастырылсын (**жауаптылар:** ФМФ деканы, информатика және білімді цифрландыру кафедрасының меңгерушісі, физика және математика кафедрасының меңгерушісі, ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 01.10.2026 ж.).

5. Ғылыми-зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу және коммерциялау бағытында кафедралар деңгейінде ұсыныстар жинақталып, әлеуетті жобалар тізімі жасалсын (**жауаптылар:** ФМФ деканы, информатика және білімді цифрландыру кафедрасының меңгерушісі, физика және математика кафедрасының меңгерушісі, ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 01.06.2026 ж.).

6. «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасы бойынша магистратура ашу жұмыстары ұйымдастырылсын (**жауаптылар:** ФМФ деканы, Білім беру бағдарламаларының жобалық офисінің жетекшісі; ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай